

«Тарих және география» пән бірлестігінің жылдық есебі

2021-2022 оқу жылының басынан «Тарих және география» пәндері бірлестігінде 7 мұғалім жұмыс атқарады. Оның ішінде 1 педагог – сарапшы, 1 педагог бірінші санатты, 3 педагог педагог-модератор, 2 мұғалім санатсыз.

Оқу жылының басында әдістемелік нұсқау хат әдіс бірлестігінде талқыланып, әдіс бірлестігінің жылдық жоспары жасалды. Оқу бағдарламасына сай күнтізбелік-тақырыптық жоспар түзілді.

Жоспарға сай қыркүйек айында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Мәңгілік тіл- мәңгілік елдің мұраты» тақырыбында қалалық семинарға бірлестік оқытушылары қатысып тәжірибе алмасты.

Қазан айында «Болашақ» мектебі мекемесінде «Үшдік педагог» сайысына Кунсулу Арыстанқызы қатысып, 3-орын иегері болды. Қараша айында республикалық «Бәйтерек» пән олимпиадасына 5-9 сынып оқушылары қатысып, 8 «Ә» сынып оқушысы Бегалиев Дидарбек жүлделі 1-орын иеленді, 8 «А» сынып оқушылары Садыкова Дарина 2-орын, Мадиев Амирхан 2-орын, Шағыров Рахат 2-орын, Амангелді Акерке 3-орын иеленді.

Желтоқсан айында 06.12.-15.12.2021 аралығында «Тарих және география» бірлестігінің ұйымдастыруымен «Тарих – ізгілікке үндейді» апталық өтті. Апталық дүйсенбіде оқушыларға апта барысында әртүрлі шаралар мен ашық сабақтар өткізілетіні туралы жоспар түзілді. 06.12.2021 күні Семенов Руслан Альбертович 6 «Б» сыныбына Дүниежүзі тарихы сабағынан «Почему Жанна д'Арк остается в памяти французского народа» тақырыбында ашық сабағын өткізді.



Дәл осы күні Кунсұлу Арыстанқызы 9 «А», «Ә» сыныптарына сабақтан тыс «География әлемі» атты іс шара ұйымдастырды. Өте жоғары деңгейде өткізілді.




Желтоқсанның 07 – жұлдызында Жаратылыстану пәнінен «Сынып дарабозы» тақырыбында 6 «Ә» сыныбымен ашық сабақ өткізілді.



Тарих және География пәндерінің оқытушылары Арынова Л.Т. және Ибраимова С. ұйымдастыруымен 10 «А» сыныбымен «XXI – ғасыр көшбасшысы» атты сабақтан тыс интеллектуалды сайыс өткізді. Сайыста оқушылардың жан-жақты қырларын ашып, зеректігі мен алғырлығын көрсете білді.



Құқық негіздері пәнінен Л.Г.Натрускина «Пути заключения и прекращения брака. Брак и семейное право» 9 «Б» сыныбымен ашық сабақ өткізді.



9 «А», «Ә» сыныптарымен Қазақстан тарихы пәнінің оқытушысы Танирбергенев А.С. Дінтану пәнінен «Дін және Қоғам» атты тақырыбында «Дін мәселелерін зерттеу орталығы КММ» дінтанушы, теолог Айнабек Ерболат Лесбекұлы оқушылармен сұқбаттасып, оқушылардың дінге деген көзқарастарын, Отанға деген сүйіспеншілігін оятты



Қазақстан тарихы пәнінің оқытушысы Арынова Л.Т. 7 «Г» сыныбы оқушыларымен «1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі» атты тақырыбында ашық сабақ өткізілді



9 «Б» сыныбымен География сабағынан Бейсенова Ж. ашық сабақ өткізді және 9 сыныптарымен Бейсенова Ж. және Семенов Р.С ұйымдастыруымен ДЕБАТ «Лучшее достижение за 30 лет независимости Казахстана» тақырыбында өткізілді.



8 «Ә» сыныбымен Дүниежүзі тарихы сабағынан Танирбергенов А.С. «Танак меморандумы қаншалықты қауіпті болды?» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.



Апталықтың жабылу салтанаты мәжіліс залында ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен үлкен дайындық пен нәтижелі еңбекке толы әдеби сазды кеш түрінде өтті. Кеште апталық аясында өткізілген іс-шараларда белсенділік танытқан оқушылар марапатталып, әрі қарай 8-9 сыныбтарымен көрінісі көрермендердің ықыласына бөленіп, патриоттық әндер шырқалып, мың бұралған биге ұласты.



Бүгінгі күн – ертең тарих. Сондықтан да тағылымы мол тарихты тереңнен қазған апталықтың оқушыларға берер өнегесі мен тәрбиесі мол болды.

Желтоқсан айында «Тарих және география» пән бәрлестігі жоспар бойынша зерделеуден өтті. Зерделеу барысында мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, күнделікті сабақ жоспарлары, оқушылардың дәптерлері тексеріліп, директордың оқу ісінің орынбасары және бірлестік жетекшісі мұғалімдердің сабақтарына енді.

Зерделеу қорытындысы бойынша бірлестіктегі жас мамандардың КТЖ және ҚМЖ-ларында біршама кемшіліктер анықталды. Бейсенова Ж, Арыстанқызы Кунсұлу ҚМЖ мен КТЖ күндері сай емес, БЖБ, ТЖБ жұмыстары тоқсанға дұрыс жоспарланбағаны анықталды. Мұғалімдерге кері байланыс беріліп, кемшіліктердің орнын толтыру керектігі айтылды.

Бірінші жартыжылдықтағы олқылықтардың орнын келесі жартыжылдықта орнын толтыру жоспарлануда.

Бірінші жартыжылдықта «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы, «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында инклюзивті сыныптарда жұмыс жасаудың тиімді әдістері» тақырыбында өткен біліктілік курстарынан бірлестіктің барлық мұғалімдері өтті.

2021-2022 оқу жылының II жартыжылдығында «Тарих және география» пәндері бірлестігінде 7 мұғалім жұмыс атқарады. Оның ішінде 1 педагог –сарапшы, 1 педагог бірінші санатты, 3 педагог педагог-модератор, 2 мұғалім санатсыз..

Оқу жылының басында әдістемелік нұсқау хат әдіс бірлестігінде талқыланып, әдіс бірлестігінің жылдық жоспары жасалды. Оқу бағдарламасына сай күнтізбелік-тақырыптық жоспар түзілді.

Сәуір айында өткен «Ғылыми ізденіс» Республикалық ғылыми-әдістемелік «Өрлеу» журналына: «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» тақырыбындағы Арынова Лиза Темирбекқызының «Тарих» пәнінен ғылыми мақаласы жарық көрді.

Мамыр айының 18-19 күндері "Дарын " орталығы ұйымдастырған "Тарих ата" 5-9 сыныптарға арналған қашықтықтан тыс олимпиадаға Танирбергенов Азамат оқушыларын қатыстырып 8 «Ә» сыныбы оқушылары 2-3 дәрежелі орындармен марапатталды

1. Қайрат Нурикамал – 2 орын
2. Есіркеп Нұрай – 2 орын
3. Келдібек Мерей – 2 орын
4. Хамитбек Алинур – 2 орын
5. Райсов Сұлтан – 2 орын
6. Қайрат Абдирахман – 2 орын
7. Мадиев Амирхан – 2 орын
8. Джорабаева Қымбат – 2 орын

Бірлестік жетекшісі:

Л.Т.Арынова

КЕЛІСЕМІН

Директордың оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

_____ Бахрамова Г.А

«__» _____ 2022

БЕКІТЕМІН

«Болашақ» мектебінің директоры

_____ А.С. Сарсенбаева

«__» _____ 2022

«Тарих және география» пәндері бірлестігінің жылдық есебі